



Алтынарай Темірханқызы Тебегенова
филология ғылымдарының кандидаты
(PhD), Қазақ Ұлттық Аграрлық
университетінің аға оқытушысы,
«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының
меңгерушісі

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КЛАССИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлем әдебиеті – жер бетіндегі барлық халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан мұраларының барлығын қамтитын рухани құндылық қазынасы. Халықтардың сөз өнер шығармалары адамзат ұрпақтарына ортақ көркемдік-эстетикалық ойлау дүниетанымының көрсеткіші болып саналады. Қазақ және әлем халықтары поэзиясындағы ортақ лирикалық және эпикалық жанрлар жүйесіндегі тектес поэтикалық сипаттары бар шығармалар ұлттық және жалпы адамзаттық әдеби үдеріс үндестігі, сабақтастығы заңдылықтары тұрғысында бағаланады. Қазақ поэзиясындағы мүнәжат, рубай, сонет, романс, элегия жанрларындағы шығармалар да әлем халықтарына ортақ көркемдік ойлау дүниетанымы кеңістігі аясында танылады.

Қазақ поэзиясындағы әлем әдебиетінің классикалық поэзиясында жырланған мүнәжат, рубай, сонет, романс, элегия жанрлары атауларымен көрініс тапқан лирикалық шығармаларды арнайы зерттеудің өзектілігі қазіргі заманғы өркениеттер сұхбаты заңдылығына негізделеді. Аталған лирикалық өлеңдердің қазақ поэзиясындағы жырлану ерекшеліктерін саралай талдаулар, бағалаулар арқылы қазақ және әлем әдебиет дамуындағы өзара сабақтастық, үндестік жүйесі де танылады.

Әлем әдебиетіндегі лирикалық өлеңдер [1, 133-135-б.б.] адамдар жан ділі әлеміндегі көңіл-күй құбылыстарын табиғи қалпымен және көркем шындықпен жырлаудың жарқын үлгілері болып бағаланады. Байырғы сақ, ғұн, түркі өркениеті жазба жәдігерліктерінде, фольклор мұраларында, сонымен бірге ежелгі грек, латын, Египетте – Қос өзен (Тигр мен Ефрат) атырабында, Палестинада, Үндістанда, Қытайда, Жапонияда, Грецияда, Римде дамыған өркениет өркендері сөз өнері шығармаларының кейінгі ғасырларға негіз болған поэтикалық үлгілері жүйесін қалыптастырды. Планетаның барлық құрлықтарында өркендеген, өрістеген өркениеттер (Шумер, Аккад, Вавилон, Хараппа, т.б.) поэзия, проза, драматургия жанрларының байырғы негіздерін қалыптастырды, олар кейінгі және қазіргі әдеби үдеріс жүйесіндегі тарихи-

мәдени сабақтастықты нығайтты. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Орта Азия мен Оңтүстік Сібір, Шығыс елдері мәдени-әдеби байланыстарындағы елеулі кезеңдердегі сақтар, ғұндар, кушандар мәдениеттері сабақтастығын да танимыз. Қазақ поэзиясының мазмұны мен пішіні жүйесіне тарихи-әдеби поэтикалық әсерін тигізген өркениеттер жүйесінде түркі және ислам өркениеті ықпалдастығы да басты назарға алынады.

Қазақ поэзиясындағы мүнәжат, рубай, сонет, романс, элегия жанрларындағы лирикалық-психологиялық, дидактикалық-философиялық дүниетаным тереңдіктерімен жырлау дәстүрінің қалыптасуы мен дамуын әлем өркениеттері ықпалдасуы, үндестігі тұрғысынан бағалаудың маңыздылығы анық. Азия, Африка, Еуропа, Америка, Австралия құрлықтары әдеби-мәдени ықпалдастықтары жүйесінің мәңгілік сабақтастығы адамзатқа ортақ көркемдік ойлау бірлігін танытумен келді.

Классикалық жанрлар қалыптасуының тарихи-әдеби негіздері – ұлттық және жалпыадамзаттық сөз өнері дамуындағы өзара өзектес, сабақтас жүйесі. Сондықтан, Шығыстың және Батыстың сөз өнері үлгілерінің дамуы, қалыптасуы жолын саралай келгенде, тақырып нысанындағы XIX-XX ғасырлар және XXI ғасыр басындағы әдеби үдеріс жолы қазақ поэзиясындағы классикалық жанрлар жырлануының тарихи-әдеби ұштасуын байқатады. Әлем халықтарының поэзиясындағы лирикалық жанрлар (мүнәжат, рубай, ғазал, сонет, романс, элегия) ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік дәстүр жалғастығын танытады. Ақындар шығармашылығындағы дүниетаным бірлігінің көрсеткіші психологиялық-философиялық сипат дүниежүзі халықтарына ортақ көркемдік-эстетикалық ойлау ұлағатын аңғартады. Қазақ поэзиясының XIX-XX ғасырлардағы және XXI ғасыр басындағы ақындар шығармашылығынан орын алған классикалық лирикалық өлеңдер (мүнәжат, рубай, сонет, романс, элегия) – Шығыс және Батыс әдебиеттеріне ортақ жалпы адамзаттық көзқарас бірлігін де айқындай түседі.

Қазақ поэзиясындағы бұрынғы түркілік негіздегі ұлттық дәстүрі үлгілердің поэтикалық жаңғыруы, жаңаруы жүйесінде араб әдебиеті поэтикасының ислам діні таралуымен бірге жеткен үлгілері болды. Қазақ поэзиясының фольклоры мен әдебиеті үлгілерінде негізі қаланған арнау, мадақ өлеңдер мен Шығыстың, оның ішінде арабтың классикалық поэзиясындағы қасида, мадх өлеңдердің үндестігі арнасында орта ғасырлардан бері әлемдік сөз өнерінде үздіксіз орын алып келе жатқан мүнәжат (мінажат) жырларын назарға аламыз.

Ақындардың мүнәжат өлеңдері Жаратушы Алланың құдыретіне бас ию сарынында жырланған. Бүкіл ғарыштық-ғаламдық кеңістікті Жаратқан Алланың құдыретіне бас ие, мойындап жырлаған ақындардың өлеңдері бұл жанрдың халық дүниетанымымен біте қайнаған тұтасқан табиғатын айқындайды. Қожа Ахмет Иасауидің «17-хикметі» және «Барлық арман-тілектерді қабыл алушы Алла Тағаланың мейіріне мүнәжат» атты бәйіттік өлшеммен жырланған мүнәжат өлеңі қазақ поэзиясындағы алғашқы классикалық үлгілер қатарында бағаланады. Бұл мүнәжат өлеңдер – Алланың құдіретін ұлықтауды, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) елшілігін мадақтауды ұстаным еткен шығармалар. Ақындардың мүнәжаттық тілектері мен мадақ мағыналы ойларының да

сабақтаса, өріле жырланатын үлгілер болады. Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дидактикалық шығармасындағы «Кіріспе» және «Жалғыз Алла жайында», «Өлім мен өмір жайында» атты бөліктері лирикалық мүнәжат-мадақ тұтастығымен жырланған.

Алтын Орда (XII-XIII ғғ.) дәуірлері ақын-жыраулары мұраларында да ислам діні рухындағы толғау тармақтары, бөліктері мүнәжаттық жырлар сарыны жүйесімен байқалады. Ақын-жыраулардың (Доспамбеттің, Шалкиіздің, Ақтамбердінің, Бұхардың, т.б.) уақыт пен кеңістіктегі қазақтың мемлекеттілігін, ділдің, тілдің сақталуын ойлаған азаматтық-отаншылдық ойларының арнасында ислам дінін көңілге медеу, бағдар, тірек еткен көзқарастары айқын көрінеді.

XIX ғасыр – қазақ поэзиясының бұрынғы-соңғы әдеби дәстүрлер жалғастығы жүйесіндегі жанрлар үлгілерінің жинақтала танылған кезеңі. Романтизм мен реализм көркемдік әдістері сарындарымен жырланған Дулат Бабатайұлының, Махамбет Өтемісұлының, Шернияз Жарылғасынұлының, Шортанбай Қанайұлының, Сүйінбай Аронұлының, Майлықожа Сұлтанқожаұлының, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының, Базар Оңдасұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Әбубәкір Боранқұлұлының, Біржан Қожағұлұлының, Ақан Қорамсаұлының, Сара Тастанбекқызының, Әсет Найманбайұлының, Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ақылбай Абайұлының, Мағауия Абайұлының, Шәңгерей Бөкеевтің және т.б. ақындардың романтизм мен реализм көркемдік әдістері тұтастығымен жырланған шығармалары классикалық жанрлар жүйесінің тың сарынды, жаңа мәнерлі үлгілерімен көрінді.

Ағартушы ақын Ыбырай Алтынсариннің Жаратушының құдыретіне балалардың да, ықыласпен бас ие оқуы, еңбек етуі туралы жырлауы («Бір Құдайға сиынып») бұл кезеңдігі қазақ әдебиетіндегі халықтық дүниетаным ұлылығын даралай түсті. Ағартушы ақынның Ұлы Жаратушы Алланың бүкіл тіршілік қозғалысын жүйелеуші, реттеуші қызметін айқындай бейнелейтін мүнәжат сарынындағы өлеңдері («Жаз», «Өзен») де жыл мезгілінің өзгерістерін, табиғат келбетін өрнектеуші ұлылық құдыретін ұлықтайды.

Майлықожаның («Құдыретін көрсен құданың»), Мәделіқожаның («Өзім де әділет үшін қызмет еттім»), Шортанбайдың («Келтірдім сонда турып сұбықан Алла», «Қалықтаған сұңқар ем»), хакім Абайдың («Патша Құдай сыйындым», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Әуелі аят, хадис – сөздің басы»), т.б. мүнәжаттық сарынды өлеңдері психологиялық-лирикалық тұтастықпен жырланған.

XIX-XX ғғ. ақындар шығармаларында орын алған мүнәжат өлеңдер XX ғ. 90-жылдары мен XXI ғ. басындағы әдеби үдеріске де жалғасты. Көрнекті ақындар Мыңбай Рәштің «Адалдық тағылымы», Өтеген Күмісбаевтың «Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.)», Ақылбек Шаяхметтің «Өсиет», «Бір қызық», Дәулетбек Байтұрсынұлының «Нұрға ғашық жүрегім», Төреғали Тәшеновтің «Шеберді шебер дегенше, Алланы шебер десейші», Құл-Керім қажы Елеместің «Аллаһ», «Шындық», Серікжан Қажидың «Рух – Алланың сыйы», Саят Қамшыгердің «Бақыт» және т.б. ондаған танымал және кейінгі жас буын ақындардың мүнәжат

өлеңдері бұл жанрдағы шығармалардың мәңгілік жалғасатын тарихи-поэтикалық негізділігін дәлелдейді.

Классикалық әдебиет алыптары Әбілхасан Рудакидің, Омар һәйямның, Шәмсәддин Хафиздің, сонымен бірге IX-X ғғ. ақындары Хакамидің, Бедилдің шығармашылық үрдісімен қазақ поэзиясында да бұрынғы ұлттық және шығыстың үлгілері тоғыстыра жырлау дәстүрі қалыптаса дамыды.

Нақтылап айтқанда, рубай (төрттармақ)жанрының қазақ поэзиясындағы бұрынғысы мен шығыстың үлгілерін тұтастыру орын алады. Әбілхасан Рудакидің, Омар һәйямның, Шәмсәддин Хафиздің, Әбдірахман Жәмидің рубайларындағы (төрттармақтарындағы) адамгершілік-имандылық мінез-құлық қасиеттерін ұлықтап жырлау қазақ поэзиясынан да үндестік орынын тапты.

Орта ғасырлардағы түркі қазақ ақындарының (Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Йүгінеки, Жүсіп Баласағұн, т.б.) шығармаларында рубай тектес шумақтар орын алды. Ал, XX ғасырдағы қазақ ақындары Сәбит Мұқановтың («Өмір-баяным», «Егделік», «Табиғат тақырыбына», «Көрікті көріністер», т.б.), Қуандық Шаңғытбаевтың, Сағынғали Сейітовтың, Мұзафар Әлімбаевтың, Қадыр Мырзалиевтің, Арғынбай Бекбосыновтың рубайлары қазақ поэзиясын рубай жанрындағы тың өрнекті туындылармен жаңғырта дамытудың көрсеткіштері толып бағаланады.

Көрнекті қазақ ақындары Әбділда Тәжібаевтың («Қысқа шумақтар»), Сағынғали Сейітовтің («Жеке шумақтар»), Қалижан Бекхожиннің («Тоқсан толғам») төрттармақ-рубай үлгісіндегі шығармалары ұлттық поэзиямыздағы әлемдік өркениет кеңістігіндегі жетістіктермен деңгейлес тұғырымызды аңғартады. Ақындардың аталған төрттармақ-рубай өлеңдері классикалық әдебиет дәстүрі аясындағы қазақ поэзиясына дидактикалық-философиялық, гуманистік-эстетикалық сипатын дәйектейді.

Қазақ поэзиясындағы лирикалық өлеңдердің ұлттық-этнографиялық тарихи негіздері ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеті замандарындағы жазба жәдігерліктерде негізі қаланған. Байырғы түркі өркениетінің жазба ескерткіштері «Күлтегін», Тоныкөк» мәтіндеріндегі баяндаулар мен лирикалық толғаныстар, тебіреністер тұтастығы кейінгі лирикалық жанрлардың поэтикалық-психологиялық құрылым тұтастығына негіз болды.

Сөз арқауындағы мүнәжат, рубай, сонет, романс, элегия жанрларының поэтикалық-психологиялық тұтастықпен жырлануында тарихи сабақтастық пен көркемдік үндестік ұласуын аңғарамыз. Қазақ поэзиясындағы азиялық және еуропалық әдеби даму үдерісіндегі туындылардың үндес, сабақтас үлгілерін қарастырғанда мынадай басты ерекшеліктер саралана байқалады: біріншісі – қазақ және шығыстық классикалық әдеби даму үдерісіндегі жанрлар тектестігінің табиғи болмысы; екіншісі – қазақ және еуропалық классикалық әдеби даму үдерісіндегі табиғи даму жолының сабақтастығы.

Сонет жанрының қазақ сөз өнеріне таралуы, қалыптасуы көркем аудармалар арқылы жүзеге асты. Италияның, Испанияның, Португалияның, Англияның, Германияның, Ресейдің, XIII-XIX ғғ. классикалық әдебиет мұраларын аударған көрнекті қазақ ақындарының аудармалық нұсқалары қазақ оқырмандарының көркемдік таным көзқарастарына ықпал етті. Сонеттің композициясындағы екі

үлгі (біріншісі сицилия мектебі – 4 жолдық 2 катрен және 4 жолды бір терцет, 3 жолды бір терцент; екіншісі – ағылшын мектебі – 4 жолды үш катрен және 2 жолды терцет). Сонет жанрының классикалық үлгілерін қалыптастырушылар Ф.Петрарка, У.Шекспир үрдісінің қазақ ақындары Қасым Аманжолов, Х.Ерғалиев, Е.Әукебаев, К.Салықов шығармашылығына орын алғаны – әдеби дамудың көрнекті желістері. Махаббат лирикасының сонет жанрымен жырлануы – әлем әдебиетіндегі мазмұн мен пішін поэтикасы қуаттылығының көрінісі.

Философиялық-дидактикалық сарынды сонеттердегі автор мен адресаттық байланыстар жүйесінің жырлануы – өмір шындығы көркем шындықпен жырлау үлгісі. Қазақ және басқа да халықтар поэзиясындағы сонеттердің идеялық-композициялық құрылымының ерекшелігі: біріншісі – өмір кезеңдерінің өткіншілігі шындығының философиялық заңдылығының көркем шындықпен жырлануы; екіншісі – мәңгілік махаббат сезімінің өрнектелуі; үшіншісі – тіршілік қозғалысындағы жағымсыздықтарды сатиралық-сыншылдық сипатпен бейнелеу.

Қазақ поэзиясы сонеттеріндегі (Қ.Аманжолов «Сонет» («Құрдас туралы»)) көңіл-күй психологиясы сарынындағы лирикадағы философиялық, адамзаттық-сыншылдық, махаббат тақырыптарындағы саналуан мәселелерді біріктіре жырлайтын кешенді мағыналы поэтикалық сипатымен байқалады.

Ф.Петрарканың, У.Шекспирдің, Р.Тагордың, Дж. Байронның, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, хакім Абайдың, Қ.Аманжоловтың, Х.Ерғалиевтің, Е.Әукебаевтың, К.Салықовтың, көңіл-күй психологиясы сарынындағы өлеңдері сонет жанрындағы тектес сарындар үндестігін танытады. Ақындар Е.Әукебаевтың, К.Салықовтың азаматтық лирика тақырыбындағы ұлттық-отаншылдық көзқарастардағы сонеттері («Ұлы мұрат», «Отан», «Ана тілім», «Абай әні», «Нұрсұлтан Назарбаевқа», «Қарттарым-ай», «Қазағым – халқым», «Алтай», т.б.) классикалық өлшем өріліммен (екі шумақты сегіз жолдан ($4+4=8$ – катрен) және төрттармақты және екі тармақты шумақтардағы алты жолды ($4+2=6$ – терцет) жырланған.

Қ.Салықовтың азаматтық, ұлттық-отаншылдық сарынды сонеттерінде (қазақ даласы, Отан («Сенім», «Дала қандай!», «Негіз жұртым деп білем»), жазғы жайлау («Жайлау түні»), күй, ән шығармалары («Күрт әсері», Құрманғазыға», «Абай әні», «Күй»), құрдастар, құдағилар достығы («Құрдасыма», «Қос-құдағы»), ақын-жыраулар, ғалымдар («Ақын Сараға», «Ақан Серіге», «Сәкен мен Мағжан», «Шоқанға», «Прометейге», т.б.), атамекендер («Жер қуаты», «Еділге», «Қарағандыға», «Сарымбет елестері», «Аққу қала – Астана», «Алатауға») – бәрі де ұлттық-отаншылдық, азаматтық лирика сарынымен жырланған.

Сонеттер шоғыры – осы жанрдағы күрделенген түр. Сонеттер шоғырында ақындар қарама-қайшылықты құбылыстардың, қасиеттердің бірлігі мен қақтығыстары қатарласқан өмір шындығын көркем шындықпен жырлаған. 15 сонеттен құралған шоғырдағы әр келесі сонеттің бірінші тармағы оның алдындағы сонеттің бірінші тармақтарынан құралады. Яғни, бірінің бірінші тармақтарынан құралған соңғы шумақ – ойдың түйіні (Е.Әукебаевтың «Өмір туралы ойлар», К.Салықовтың «Сырғалы сонеттер», «Сонеттен тізген сәукеле»,

«Туған жер», «Кеншілік пен ақындық», «Махаббат мұңы», «Сыңқылдақ», «Мезет сыры», «Сақиналы сонеттер», «Немерем ұйықтап жатқанда», т.б.).

Қазақ поэзиясындағы романс жанрындағы лирикалық шығармалар – сөз бен әуез тұтастығына негізделген ән-өлеңдер. Ән-өлең сипатымен қалыптаса дамыған бұл жанрдағы шығармалар Еуропа елдері (Испания, Англия, Франция, т.б.) поэзиясынан ауысқан ықпалдасу тағылымын байқатады. Қаһармандық эпикалық жыр (Испания), рыцарлық поэма (Англия), ғашықтық әні (Франция) түрлерінде таралған романстар сөз бен әуез тұтастығына негізделген сипатын сақтаған. Қазақ поэзиясындағы романс жанрының қалыптасуында хакім Абайдың В.А.Крыловтан «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», А.С.Пушкиннен «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьяна сөзі», Қ.Аманжоловтың Дж.Байронның нәзиралаған «Романс» өлеңдерінің түпнұсқаларымен телтумаларындағы поэтикалық ерекшеліктер аңғарытады.

Абайдың ән-өлеңдері – ән-романстар поэтикасымен тектес шығармалары: «Айттым сәлем, қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып» (Гетеден), «Қор болды жаным», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Сегіз аяқ», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», т.б. Абайдың әлем әдебиеттері классикалық шығармалары авторларының (В.Гете, Дж.Байрон, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, т.б.). Негізгі идеяларын сайтай отырып, өзіндік көркемдік шешіммен жырлауы да сол туындылардың жаңа нұсқалық болмысын да даралады.

Қ.Аманжоловтың «Романс» (Байроннан) өлеңіндегі кейіпкерлер (бірі – лирикалық қаһарман – автор; екіншісі – лирикалық қаһарманның жан әлемін баураған объективті кейіпкер тұлғасы) арқылы адамдар мен табиғат құбылыстары, пейзаждық көріністер тұтастығы романтикалық әуенмен жырланған. Ақынның «Жылқышы жыры», «Түнгі сыр», «Жан сәулем» атты романстары да адам мен табиғат тұтастығын эстетикалық көзқарас аясында бейнелеген. Қазақ өнерінің ән-романстар «Кестелі орамал» (әуезі М.Төлебаевтікі, өлеңі А.Лекеровтікі), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (әуезі М.Төлебаевтікі, өлеңі Н.Баймұхамедовтікі), «Қайран елім, қазағым» (әуезі Е.Рахмадиевтікі, өлеңі Абайдікі), «Жарқ етпес қара көңілім неғылса да» (әуезі С.Мұхамеджановтікі, өлеңі Абайдікі), «Не іздейсің көңілім, не іздейсің» (әуезі М.Маңғытаевтікі, өлеңі Абайдікі) – ұлттық рухани мәдениетіміздің әлемдік деңгейдегі құндылықтары.

Қазақ поэзиясындағы элегия жанрындағы шығармалардың бастау негізі – фольклорымыздағы мұң-шер өлеңдер. Еуропалық әдебиетте Грекияда б.з.д. VII ғасырда пайда болып дами бастаған бұл жанрдың қалыптасуында эллинистік және Римдік поэзия (Тибул, Овидий) әсері мол болды. Батыс Еуропа (А.Ламартин, Э.Парни), орыс (К.А.Батюшков, А.С.Пушкин, А.Фет, А.Ахматова) поэзиясындағы классикалық элегиялық үлгілер – лирикалық шығармалардың поэтикалық-психологиялық тұтастықтағы табиғатын даралай түсті.

Жыраулар поэзиясындағы элегиялық сарын – отбасын, ауылын, ағайынын, атамекенін, жат-жерліктердің иеленбеуін, кәрілік тауқыметін ойлаған алаң көңілдің уайымын білдіреді. Доспамбет жыраудың («Айналайын Ақ Жайық, ат салмай өтер күн қайда?»), Шал Құлекеұлының («Кәрілік – күлге аунаған қотыр

бура», «Кәрілік», «Бәйгеден келе бермес малдың бәрі»), Шәңгерей Бөкеевтің («Жалғаншы жарық дүние»), Дулат Бабатайұлының («Дүние – жемтік, мен – төбет», «Ер шөгіп, есер ер жетті», «Атаны бала алдады», «Осындай заман болды», т.б.), Махамбет Өтемісұлының («Жалған дүние», «Есіл ер», «Жабығу», «Мұнар күн», «Мен Нарыннан кеткенмін», «Адыра қалған Нарынның», «Міне алмаған алаға», «Күн қайда?», «Жалғыздық», «Қызғыш құс», «Істеген ісім кетті далаға», т.б.), сонымен бірге ХХ ғасыр басындағы ақындар (Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, т.б.) шығармашылығында да байқалады.

ХХ ғасырдағы көрнекті ақындар Қ.Аманжоловтың (Балалық шақ туралы», «Өтеді күндер», т.б.), Ә.Тәжібаевтың («Мұң туралы», «Көңіл күйі», «Арман» т.б.), З. Шүкіровтің («Элегия», т.б.) және т.б. ақындардың (М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, Ф.Оңғарсынова, Т.Медетбеков, т.б.) элегиялық өлеңдері жанрдың поэтикалық-психологиялық сипатын даралай танытады.

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясындағы мүнәжат, рубай-төрттармақ, сонет, романс, элегия жанрлары шығармалары (ХІХ-ХХ ғғ. және ХХІғ. басы) әлемдік сөз өнері классикалық дәстүрлері мен қазақ поэзиясының поэтикалық ықпалдастығы жолын танытады. Классикалық жанрлар қалыптасуының дамуының тарихи-әдеби негіздері қазақ поэзиясындағы мүнәжат, рубай-төрттармақ, сонет, романс, элегия жанрлары өлеңдерінің пайда болуына, дамуына ықпал етті. Қазақстанның Тәуелсіз дәуір әдебиеті ұлттық сөз өнеріндегі әлемдік классикалық үлгілермен үндес тектес төл шығармаларымыздың поэтикалық психологиялық табиғатын тануға кең жол ашып отыр. Бұл – сөз өнері шығармаларының адамзат ұрпақтарына ортақ гуманистік адамгершілік-имандылық мұратының айқын бағдары.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев.-Алматы: Ана тілі, 1996.-240б.
2. Ердембеков Б.А. Абайдың әдеби ортасы.-Алматы: Информ-Арна, 2008.-440б.
3. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі: Ұжымдық монографиялық еңбек.-Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009.-376б.
4. Қазіргі әдебиет және фольклор. –Алматы: Арда, 2009.-480б.
5. Майтанов Б.Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар (60 жылдық мерейтойына арналған) – Алматы: Құс жолы, 2002.-490б.